

Республиканың фосфор саласын сақтау және дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 29

Шығынсыз өндіріске, бөлінетін қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуына, өнім өткізу рыноктарын кеңейтуге және фосфор саласы кәсіпорындарын одан әрі дамытуға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Республиканың фосфор саласы кәсіпорындарының қаржылық ахуалын сауықтыруға бағытталған, Қазақстанның "Казкоммерцбанк", "Қазақстанның Халықтық Банкі", "Тұран Әлем Банкі" банктері құрған консорциумның қызметі мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен:

республиканың фосфор саласын Экономиканың басым салаларының тізбесіне енгізу туралы бір апта мерзімде ұсыныс енгізсін;

республиканың фосфор саласын Экономиканың басым секторларының тізбесіне енгізілгеннен кейін жер салығы, мүлік салығы, табыс салығы және кеден баждары бойынша ставкалардан босату немесе оларды кеміту арқылы инвестициялық келісім-шарттарда заттық гранттар, жеңілдіктер мен артықшылықтар берілуін көздейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы

министрлігімен бірлесе отырып 10 күн мерзімде кейін заңдарда белгіленген тәртіппен фосфор саласы кәсіпорындары арасында мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін минерал тыңайтқыштарына мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін белгілесін.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.31. N 485 қаулысымен.

P000485_

5.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.31. N 485 қаулысымен.

P000485_

6.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.31. N 485 қаулысымен.

P000485_

7. "Қазфосфор" акционерлік қоғамының жарғылық қорын қалыптастыруды аяқтау және жарғылық қордағы мемлекет үлесінің мөлшерін айқындау үшін;

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі департаментімен бірлесе отырып, Ақсай, Шилібұлақ, Шолақтау, Көкжон, Көксу және Жаңатас фосфорит рудаларының кен орындары бойынша жер қойнауын пайдалану құқықтарын белгілеген тәртіппен бір апта мерзімде "Қазфосфор" акционерлік қоғамына берсін;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті бір апта мерзімде "Нодфос", "Қаратау", "Суперфосфат зауыты", "Фосфор" және "Промтранс" акционерлік қоғамдарына бекітілген жер учаскелерін пайдалану және иелену құқықтарының берілуін ресімдесін.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті "Қазфосфор" акционерлік қоғамының құрылтайшыларымен бірлесе отырып, "Қазфосфор" акционерлік қоғамының жарғылық қорының мөлшері мен құрылымын нақтыласын.

9. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесе отырып, қоршаған ортаны қорғау жөнінде "Қазфосфор" акционерлік қоғамы кәсіпорындары жүргізетін шараларды қарап, қоршаған ортаны қорғаудың республикалық және

жергілікті қорлары есебінен жүзеге асырылатын 1998 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңдегі табиғат қорғау шараларын қаржыландырудың жоспарларына, аталған қорларға олардың аударатын нормативтік төлемдері шеңберінде енгізсін.

10. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе отырып, фосфор саласы кәсіпорындарын қайта құрудың нәтижесінде босайтын қызметкерлерге кешенді түрде қолдау бағдарламасын әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі